

Кенжебекова Р.И., Рахимбаева Д.Ж.,

п.ғ.д., профессор, 2 курс магистранты

Silkway Халықаралық университеті Шымкент, Қазақстан

ИНТЕРАКТИВТІК ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

Педагогикалық тәжірибеде «оқытудың белсенді әдістері мен формалары» термині ертеден қолданылып келеді. Ол оқушылардың оқ іс-әрекеті белсенділігінің жоғары деңгейіне қол жеткізетін педагогикалық технологиялар тобын біріктіреді.

Соңғы уақытта «интерактивтік оқыту» деген тағы бір термин кеңінен қолданыла бастады. Білім беру туралы заманауи ғылым педагогикалық технологиялар құру қажеттілігі туындаған сәтке де келіп жетті. Ол білім беру үрдісінде ең бастысы әр оқушының тұлғасын, оның белсенділігін дамытуды қамтамасыз етеді. Оқыту шарттарын оқушылар өз жұмысының жаңа нәтижелерін алуға ұмтылатындай және оны әрі қарай практикалық іс-әрекетінде оңтайлы қолдана алатындай құру қажет. Болашақта олардан таңдаған мамандығы ғана емес, сондай-ақ қазіргі технологиялар саласына да қатысты ауқымды білім қоры талап етілетіні белгілі. Бүгінде жұмыс туралы көптеген ұсыныстар аз да болса компьютерлік білімді талап етеді. Сондықтан мектеп оқушыларын оқыту барысында қазіргі ақпараттық технологиялардың мәні артып келе жатқандығын ескеру өте маңызды.

Республикамызда білім беруді ақпараттандырудың жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Осы мақсатта оқытудың дәстүрлі әдісінен басқа бірнеше жаңа педагогикалық технологиялар енгізілуде. Алайда қай оқытудың түрін алайық барлығы бірдей шығармашылық тұрғыда белгілі бір деңгейде тұлғаны дамыту. Бүгінгі оқыту жүйесінде әртүрлі жаңа технологиялар пайдалану тәжірибелерге еніп, нәтижелер беруде. Олар дамыта оқыту, саралап оқыту, сын тұрғысынан оқыту, ақпараттық технология т.с.с. Бүгінгі сөз болғалы отырған оқытудың түрі ол ақпараттық технологияның бір түрі интерактивтік оқыту.

Бүгінгі таңда педагогикалық тәжірибеде бірнеше ондаған жаңа стратегиялар, оқыту әдіс-тәсілдері, оның ішінде интерактивтік оқыту әдісі құрылды және қолданылып келеді. Қазіргі заман педагогы оқытатын пәніне қарамастан интерактивтік оқыту әдістерінің қажетті «арсеналдарын» меңгеруі және оларды оқу үрдісінде қолдана білуі тиіс.

«Интерактивті» деген сөз энциклопедиялық сөздікте көрсетілгендей, интеракция деген ұғымнан келіп шығады. Ал «интеракция» термині алғаш рет элеуметтану және элеуметтік психология саласында пайда болды. Ол жеке индивидтердің, топтың, жұптың өзара біріккен әрекетте бір-біріне алма кезек өтуі дегенді білдіреді.

Мұғалім мен оқушы арасындағы интеракция әрекет жүйесін 5 сатыға бөлуге болады:

- 1) Мақсат қою.
- 2) Жұмысты жоспарлау
- 3) Тапсырманы бөлу.
- 4) Оқушылар әрекетін бақылау.
- 5) Бағалау.

Интерактивтік оқыту – бұл білім беру үрдісін ұйымдастырудың арнайы формасы, оның мәні әрбір проблеманың жалпы, бірақ маңызды шешімін табатын оқу материалын меңгерудегі, білім, идея, іс-әрекет тәсілдерімен алмасудағы оқушылардың ортақ іс-әрекеттен тұрады.

Интерактивтік оқыту стратегиясы – педагогтың білім беру үрдісін нақты жолдардың, әдіс-тәсілдер жүйесінің көмегімен ұйымдастыруы, ол негізделеді:

- педагог пен оқушылардың субъект-субъектілік қатынасына (паритеттік, яғни екі жаққа да тең);
- көпқырлы коммуникацияларға;
- оқушылар білімін құруға;
- өзіндік бағалау және кері байланыс орнатуға;
- оқушылардың белсенділігіне.

«Интерактивтік оқыту әдістері» категориясының мазмұнын толық ашу

үшін біз дәстүрлі оқыту мен белсенді оқытуды келесі параметрлерді таңдай отырып, салыстырамыз:

- Мақсаттары
- Оқушылар мен педагог ұстанымы
- Оқу үрдісінде коммуникацияны ұйымастыру
- Оқыту әдістері.
- Интерактивтік ықпал принциптері
- Оқытуға деген дәстүрлі және интерактивтік ықпал мақсаттарын

салыстыру.

Дәстүрлі оқытудың мақсаты: оқушыларға ауқымды білім көлемін беру және меңгерту. Педагог оқушылардың өздері түсінген және дифференциялаған ақпаратты жеткізеді, қажетті дағдыларын анықтайды. Білім алушылардың міндеті – өзгелер құрған білімді толық және дәл қайта жаңғырту.

Интерактивтік оқыту тұрғысында білім басқаша формаға ие болады. Бір жағынан, олар қоршаған әлем туралы нақты ақпаратты ұсынады. Осы ақпараттардың ерекшелігі оқушы оны педагогтан дайын жүйе түрінде емес, өзіндік белсенділігі барысында алады. Педагог оқушыларды белсендендіретін, өздері сұрап, әрекет ететіндей жағдай құруы тиіс. Осындай жағдайларда «оқушы басқа оқушылармен бірлесе отырып, туындаған проблеманы немесе кедергіні жеңу үшін білімін толықтыруға мүмкіндік беретін қабілеттерге ие болады».

Екінші жағынан, оқушылар сабақ барысында басқа оқушылармен өзара әрекеттестік барысында педагогтың жетекшілігімен өзіне, әлеуметке, жалпы әлемге деген қарым-қатынасы турасында сыннан өткен іс-әрекет тәсілдерінің жүйесін игереді, білімді іздеудің саналуан механизмдерін меңгереді. Сондықтан оқушылардың алған білімі бір мезетте олардың өз бетінше тапқан құралы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.А. Аладьина, М.Е. Минайдарова, Х.Т.Абдрахманова Роль интерактивных методов обучения в формировании креативной личности, Таразский

государственный педагогический институт, г.Тараз, 2020